

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ



**ИССЛЕДОВАНИЕ ВСЕМИРНОЙ ИСТОРИИ  
В КОНТЕКСТЕ АКТУАЛЬНЫХ ПРОБЛЕМ  
СОВРЕМЕННОСТИ**

Ежегодный сборник научных статей

Алматы 2016

*Составители*  
**К.Т. Жумагулов, Г.С. Беделова**

**Исследование** всемирной истории в контексте актуальных проблем современности: ежегодный сборник научных статей / сост. К.Т. Жумагулов, Г.С. Беделова. – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2016. – 122 бет.

**ISBN 978-601-04-2502-6**

Ежегодный сборник адресован научным работникам, студентам, магистрантам, докторантам и преподавателям высших учебных заведений и всем тем, кто интересуется проблемами Всемирной истории.

ISBN 978-601-04-2502-6

© Сост. Жумагулов К.Т., Беделова Г.С., 2016  
© КазНУ им. аль-Фараби, 2016

## СОДЕРЖАНИЕ

<i>Жумагулов К.Т.</i> Тюркский мир Евразии по данным латинских источников.....	4
<i>Жумагулов К.Т.</i> Материалы пресс-конференции в Национальном пресс-центра в 2015 г. Источники Ватикана по истории тюркского мира и Казахстана .....	15
<i>Жумагулов К.Т.</i> Об одной из крупнейших битв в евразийской и мировой истории .....	23
<i>Султангалиева Г.С.</i> Деятельность татар Волго-Уральского региона в Степи глазами казахов XVIII – первой половины XIX вв. ....	42
<i>Zhumagulov K.T., Sadykova R.O.</i> Attila the hun and his military campaigns .....	60
<i>Жумагулов К.Т.</i> Алтын Орда тарихы жөніндегі Ресей тарихнамасы (XIX-XX ғғ.) ...	72
<i>Абдимомынов Н.Т., Беделова Г.С.</i> Қазақ хандығының құрылуындағы Алтын Орданың рөлі.....	80
<i>Assylbekova Zh.M.-A., Sidiqi Khwaja Abdullah</i> The main causes of the Soviet Union attack in Afghanistan .....	86
<i>Жумагулов К.Т., Абдукадыров Н.М.</i> XVIII-XIX ғғ. Осман империясының Еуропа мемлекеттері мен саяси, экономикалық және дипломатиялық байланыстарының Австрия тарихнамасында зерттелуі (XX ғ. II жартысы – XX ғ. басы).....	93
<i>Садықова Р.О.</i> Жапония мен Таяу Шығыс аймағы мемлекеттері арасындағы энергетикалық байланыстар .....	104
<i>Акупова А.Р.</i> Emperor justinian i and byzantine empire .....	115

upper hand in the case of a conventional war with US or European forces. In all probability, military testing in Afghanistan developed from war-time opportunism. Military planners certainly did foresee the problems of sending a «limited contingent» of a mere 75,000 soldiers to pacify a veritable war zone. In any case, the Soviet High Command was culpable of not voicing its arguments against an intervention in Afghanistan with enough resolve. A strong objection could have acted «to deter Brezhnev and his inner circle.»[10]

Officially, some 14,833 Soviet soldiers lost their lives during the conflict. However, the actual number may eclipse the latter by at least ten thousand. The Afghan people were the war's most obvious victims, with no less than one million civilians and combatants estimated killed during the conflict. To this day, the Afghans remain the world's largest single refugee group, as a direct result of the Soviet-Afghan War. An estimated six million people fled to neighbouring Pakistan and Iran during the war. The «new thinking» associated with Mikhail Gorbachev's policies of perestroika and glasnost placed strong pressure on the leadership to end the draining commitment in Afghanistan. «It is obvious that there are no alternatives. We must pull out,» wrote Gorbachev's policy adviser in a diary entry in 1985. The Afghanistan Commission, and especially the powerful troika within it (Andropov, Gromyko and Ustinov) was primarily responsible for embroiling the Soviet Union in a costly, unjust and futile war in Afghanistan. This conflict bled the Red Army dry, as well as public support not merely for the war, but for the Soviet system itself. Above all, however, it is Brezhnev's signature which adorns Politburo Decree P 176/125—the signature responsible for the war's disastrous implications.[11]

#### References

- [1] Leonid Ilyich Brezhnev, *For Greater Unity Among Communists, For a Fresh Upsurge of the Anti-Imperialist Struggle: Speech* (Moscow: Novosti Press Agency, 1969), 15.
- [2] Christopher Andrew and Vasili Mitrokhin, *The World Was Going Our Way: The KGB and the Battle for the Third World* (New York: Basic Books, 2006), 401.
- [3] Vincent Jauvert, 'Oui, la CIA est entrée en Afghanistan avant les Russes...' *Le Nouvel Observateur*(Paris), January 15-21, 1998.

- [4] Robert M. Gates, *From the Shadows: The Ultimate Insider's Story of Five Presidents and How They Won the Cold War* (New York: Simon & Schuster Paperbacks), 83.
- [5] 'Moscow-Kabul exchange: March 1979 call between Kosygin, Taraki', CNN.com/ColdWar, <http://www.cnn.com/SPECIALS/cold.war/episodes/20/documents/moscow/> (Accessed 18 August 2008).
- [6] 'Great Game.' » J. Bruce. Amstutz, *Afghanistan: The First Five Years of Russian Occupation* (Washington, D.C. : National Defense University, 1986), 3-5.
- [7] Robert Gates, *From the Shadows*, 146-148.
- [8] Christopher Andrew and Vasili Mitrokhin, *The World Was Going Our Way*, 378-380.
- [9] Robert Gates, *From the Shadows*, 117.
- [10] . Anna Heinämaa, Maija Leppänen and Yuri Yurchenko, *The Soldiers' Story*, 36.
- [11] . Roger Reese, *The Soviet Military Experience*, 166.

Жұмағұлов Қ.Т.,

*т.ғ.д., профессор, Дүниежүзі тарихын зерттеу ғылыми Орталығының директоры, Геттинген университетінің Құрметті профессоры*

Абдукадыров Н.М.,

*М.Х. Дулатиатындағы ТарМУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, Ph.D  
Тараз, Қазақстан*

**XVIII-XIX ғғ. Осман империясының Еуропа мемлекеттерімен саяси, экономикалық және дипломатиялық байланыстарының Австрия тарихнамасында зерттелуі  
(XX ғ. II жартысы-XX ғ. басы)**

Жалпы, XX ғасырдың бірінші жартысында болып өткен екі бірдей дүниежүзілік соғыс, өзге де еуропалық мемлекеттердегі сияқты Австрияда да барлық ғылым салалары бойынша дамуды тежеді. Солардың арасында, өзге ғылым салаларымен бірге Тарих ғылымы да дамудан артта қалып қойды. Бірінші Дүниежүзілік соғыстың салдарынан Австро-Венгрия империясы құлап, оның орнына бірнеше мемлекеттер құрылғаннан кейін өзінің тарихи территориясына ие болып қалған Австрия мемлекетінің тарих ғылымында үлкен өзгерістер орын алды. Бұл

өзгерістер сонау орта ғасырлардағы Габсбургтер империясынан бастау алатын тарихты одан сайын жаңғыртып, соның негізінде Австрия тарихының тереңде жатқанын көрсетумен сипатталды. Австрия тарихын сонау орта ғасырлар кезеңінен бергі уақытты бұлай зерделеудегі басты мақсат, Орталық Еуропаның үлкен бөлігі Австрияға тиіс екендігін тарихи тұрғыда көрсету болды. Бірақ, Австрияда және бүкіл Еуропада осындай үлкен саяси өзгерістер орын алып жатқанда, бытырап бірнеше бөлікке бөлінген Австрияның бұрынғы империя кезіндегі территориясын өзіне қайтадан біріктіру мүмкін емес еді. Себебі, XX ғасырдың алғашқы жартысында әлемдік империализм құлдырап, сан ғасырлық империялар жойылып жатқан тұста Австрияда да мұндай өзгерістердің болуы заңды құбылыс еді. Ендігі кезекте жанадан құрылған Австрия тарихын қайта жазудың қажеттігі туындап, соның салдарынан мемлекет тарихын зерттеу жұмыстарына басымдылық берілді. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін және соғыс кезінде де шетел тарихына қарағанда мемлекет тарихын зерттеуге баса назар аударылды. Сонымен бірге шетел тарихын, Батыс пен Шығыс тарихын және оның аясында Осман империясының тарихын зерттеу жұмыстары жай қарқынмен болса да жүріп отырды. Жалпы, бұл кезеңде Австрияның Тарих ғылымында Шығыс тарихын және осман тарихын зерттеу жұмыстарының даму қарқыны Франциядағы немесе Англиядағы сияқты дәрежеге жетпегенімен, мұнда XIX ғасырдан бері Шығыс тарихын және Осман империясының тарихын зерттеу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілген болатын. Олардың арасында аса ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдардың бірі австриялық атақты шығыстанушы, османтанушы ғалым Йозеф фон Хаммер-Пургшталь болған.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін XX ғ. 50-60 жылдары Австрияның тарих ғылымының өзге салаларымен бірге Шығыс тарихын зерттеу жұмыстарына да мән беріле бастады. Соның ішінде, Австрия империясымен бірнеше ғасыр бойына көрші болып, тарихы мен тағдыры тамырлас болған Осман империясының тарихын зерттеу жұмыстары да назардан тыс қалмады. Бірінші кезекте, Осман империясы тарихының жалпы ғылыми мәселелерімен Австрияның ЖОО ғалымдары айналысуды біртіндеп қайта қолға алды және осман тарихына

қатысты ғылыми жұмыстардың қатары көбейіп, соның негізінде ЖОО-да Шығыс тарихын зерттеумен шұғылданатын арнайы ғылыми орталықтар қалыптасты, ғылыми-зерттеу институттары құрылды. Екіншіден, жеке зерттеушілер қатары көбейіп, олардың әрқайсысы осман тарихына қатысты өзінің ғылыми саласымен шұғылданды. Осман империясының тарихын зерттеуде және осман тарихы мен Шығыс тарихын зерттеуші ғалымдарды дайындауда Вена университеті Австриядағы ең ірі ғылыми орталық болды. Сонымен бірге, Зальцбург, Грац, Инсбрук және басқа да австриялық университеттердің ғалымдары осман тарихын зерттеумен шұғылданды. Ал, осман тарихы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде австриялық тарихшылар мен ғалымдар үшін ең маңызды «ғылыми лабораториялардың» бірі Вена қаласының мұрағаттары болды. Себебі, Вена мұрағаттарында Австрияның ішкі және сыртқы саяси тарихы мен жалпы Еуропа тарихына және Шығыс тарихы мен Осман империясының тарихына қатысты деректер мен құжаттар өте көп. Осы ретте, Орта ғасырлар мен Жаңа заманда Венаның Орталық Еуропадағы ең мықты саяси, экономикалық, ғылыми және мәдени орталықтардың бірі болғанын ескерген орынды. Сонымен қатар, Австрияда бұған дейін XIX ғасырда атақты дипломат, шығыстанушы, османтанушы, этнограф, белгілі ғалым Йозеф фон Хаммер-Пургштальдің мол ғылыми мұрасы осы саланың мамандары үшін үлкен тарихи дерек қоры ретінде саналды. XIX ғасырда Еуропада ең атақты османтанушы және шығыстанушы ғалым ретінде танылған Йозеф фон Хаммер 1796-1807, 1799-1800 жылдары Стамбулда дипломат болып жүрген кезінде өзінің жазған естеліктері мен түрлі мемлекеттік есептерін өте түсінікті және мазмұнды етіп жазып қалдырған. Йозеф фон Хаммер Стамбулда жүргенде, Осман империясының жалпы тарихы туралы өте үлкен көлемде қолжазбалар қоры мен дерек қорларын жинаған. Оның Осман империясының тарихына қатысты жазған еңбектері он томнан тұратын кітап болып басылып шықты [1]. Йозеф фон Хаммер Осман империясының тарихына қатысты мәліметтерді жинақтаумен және зерттеумен отыз жыл бойы айналысып, өзінің жинаған мәліметтері мен дерек қорларын Венаға жөнелтіп отырған. Ал, Йозеф фон Хаммердің жинақтаған мұндай қолжазбалары мен дерек

қорлары және бай кітапханасы австриялық тарихшылар үшін өте тиімді болды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде Австрияда Осман империясының тарихымен тарихшылар, шығыстанушылар және шығыс тілдерін меңгерген ғалымдар шұғылданды. XX ғ. 50-жылдары Австрияда осман тарихына қатысты тақырыптар бойынша ғылыми еңбектердің жариялануына австриялық тарихшылардың бірі Ричард Франц Кроутел үлкен үлес қосты. Р. Кроутел 1939 жылы Вена университетін араб тілінің классикалық филология мамандығы бойынша бітіріп, Шығыс тарихын зерттеумен айналысуды бастаған. 1948 жылы Эвлия Челебидің Еуропаға жасаған саяхаты тақырыбында докторлық диссертация қорғап, осман тарихын терең және көлемді түрде зерттеуге кіріскен. Сонымен қатар, елшілік қызметке ауысып 1957 жылы Тегеранда және Кабулда Австрияның тұрақты және өкілетті елшісі қызметтерін атқарған. Р.Ф. Кроутел өзінің дипломатиялық қызметімен қатар, осман тарихы бойынша ғылыми зерттеулерін жалғастырып отырған. 1955 жылдан бастап осман тарихының әр түрлі тақырыптарына қатысты болған көптеген тарихи деректер мен ғылыми материалдар жинап, оны ғылыми жүйеге түсірді. Соның нәтижесінде, автор өзінің әріптестерімен бірлесе отырып, он томнан тұратын Осман империясының тарихына [2] арналған ғылыми еңбек жариялады. Осы он томдық ғылыми еңбектің жетінші томында [3] Осман империясы мен Австрия арасындағы қатынастар жайлы мәселелер көтерілген. Бұл томда негізгі тақырып 1740-1741 жылдары Осман империясының Австриядағы сенімді өкілдерінің бірі болған дипломат Хуман Эфендидің саяси-дипломатиялық қызметі жайлы көрсетіліп, онда австриялық және османдық деректердің негізінде дипломаттың Австрия мен Осман империясы арасындағы саяси байланыстарды реттеудегі қызметі қарастырылған. Ричард Кроутел келесі бір австриялық зерттеуші Эрих Прохкошпен бірлесе отырып, Хуман Эфендидің жазып қалдырған қолжазбаларын жинақтап, олардың осман және басқа да шығыс тілдерінде жазылған еңбектерін неміс тіліне аударған. Бұл ғылыми еңбек өзінің құндылығы бойынша біздің тақырыбымызға қатысты жүргізілген ең ірі ғылыми жұмыстардың бірі болып табылады. Бұл зерттеу жұмысында, Хуман Эфендидің 1739 жылғы Австрия мен Осман империясы



және Ресей арасындағы соғысты қорытындылаған Белград келісімшартының 1740-1741 жылдары жүзеге асырылуы туралы хаттар мен бұйрықтар және басқа да естеліктері ғылыми айналымға түсірілген.

XX ғ. 50-жылдары Осман империясының Еуропадағы сыртқы саяси бағыттары, оның ішінде дипломатиялық бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген австриялық тарихшыларының бірі Бенедикт Генрих болды. Зерттеушінің негізгі ғылыми-зерттеу саласы Австрия тарихы, Еуропа тарихы және Осман империясы мен Франция арасындағы сыртқы саяси қатынастар тарихын зерттеу болып табылады. Б. Генрих Осман империясында Францияның дипломаты қызметінде болған граф Александр Боневильдің Осман мемлекетіндегі қызметі туралы зерттеулер жүргізген [4]. Бұл ғылыми жұмысында граф Боневильдің еуропалық елшілермен Стамбулға келуінен бастап, империяның шетелдік елшілері мен осман үкіметінің адамдары арасындағы келіссөздерге, сондай-ақ Франция мен Осман империясының арасындағы келісімдерге араласып осман үкіметіне жасаған дипломатиялық қызметі зерттелген. Дипломаттың жеке өмірі мен қоғамдық және мемлекеттік қызметін зерттеп сол туралы тың ғылыми тұжырымдар ұсынған. Зерттеушінің басты ғылыми қорытындысы дипломаттың саяси қызметіне дейінгі жылдарда оның әскери істердегі қызметіне арналған. Автор, француз дипломатының түрлі соғыстарға қатысып, оның Франция мен Осман империясы және Габсбургтер мемлекеттері арасындағы сыртқы соғыстар мен саяси шиеленістерге араласқанын, оның түрлі саяси әрекеттерге баруға мәжбүр болғанын сипаттайды. Сондай-ақ, дипломаттың Австрия мен Францияда орын алған түрлі саяси әрекеттің салдарынан Осман империясына түбегейлі келгені және онда Ислам дінін қабылдағаны оның өз мемлекетінен Осман империясына шын берілгенін суреттейді.

XIX ғасырда Еуропадағы халықаралық қатынастар мен оның Осман империясына әсері және Осман мемлекеті мен еуропалық мемлекеттер арасындағы саяси тартыстар жайлы зерттеу жүргізген тарихшылардың бірі Александр Новотныйдың ғылыми еңбектері Австрия тарихнамасында ерекше орынға ие бола алады. А. Новотный 1878 жылы болып өткен Берлин конгресінің барысы мен нәтижелерін зерттеп, оны арнайы

ғылыми жинақ етіп жариялады [5]. А. Новотныйдың ғылыми еңбегінде, бұл конгрестің өткізілу мақсаты мен ондағы еуропалық империялардың Осман империясына қойған саяси талаптары жайлы және конгрестің барысы мен нәтижелерін нақты құжаттар негізінде зерттеп, үлкен ғылыми нәтижеге қол жеткізген. Зерттеуші, «Берлин конгресі тек Осман империясының Балқандағы территорияларының еуропалықтар тарапынан бөліске салынғанымен және Балқан халықтарының автономия дәрежесін алумен шектелместен, сондай-ақ, Еуропадағы бірқатар мәселелерді шешуге септігін тигізді» – деп қорытынды жасайды. Расында да бұл конгрестің негізгі қатысушылары Англия, Франция, Германия, Ресей, Австро-Венгрия мен Осман империясы болып, ондағы басты мәселе XVIII-XIX ғғ. халықаралық қатынастарда ауқымды орын алған «Шығыс мәселесінің» аясында Осман империясының территорияларын өзара бөліске салу болған. Ғылыми еңбекте осы мәселелер арнайы құжаттар арқылы ғылыми талдауға түскен және Шығыс мәселесінің Осман империясы үшін арнайы ұйымдастырылған халықаралық саяси ойын екендігін зерттеу жұмысының басты ғылыми қорытындыларының бірі ретінде көрсеткен. Сондай-ақ, А. Новотный Вена мұрағатының құжаттары негізінде конгрестің мазмұнын ашып, басты ғылыми қорытындылардың біріне конгресте Осман империясы мен Еуропа мемлекеттерінің арасында орын алған территориялық тартыстар мен оның Осман мемлекеті үшін болған тиімсіз нәтижелерін жатқызады. А. Новотный австриялық тарихшы-ғалымдар арасында Осман империясы мен Еуропа мемлекеттерінің саяси байланыстарына «Шығыс мәселесінің» маңызды рөл атқарғанын көрсеткен зерттеуші ретінде танылды.

XX ғ. екінші жартысында, австриялық тарихшы және шығыстанушы-ғалымдардың тақырыпқа қатысты жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының басым бөлігі Осман империясы мен Австрияның арасындағы саяси, экономикалық және дипломатиялық қатынастарға бағытталды. Себебі, Австрия мен Осман империясы көрші болып, XVIII-XIX ғ.ғ. екі мемлекет арасында саяси, экономикалық және дипломатиялық байланыстар орын алған. Мұндай тақырыптарға арналған зерттеулер Австрия тарихының кезеңдеріне бөлініп жүргізілді. XX ғ. соңғы ширегі мен XXI ғ. басында, XVIII-XIX ғ.ғ. Осман империясы

мен Австрия арасындағы қатынастар туралы зерттеулердің аясы барынша кеңейе түсті. Тіпті, XX ғасырдың екінші жартысын Австрия тарихнамасы үшін австро-осман қатынастарын зерттеу кезеңі деп атауға болады. Мұның өзіндік себептері де бар еді. Оның негізгілерін атап өтсек, біріншіден австриялық ғалымдар үшін өзінің мемлекетінің бұл кезеңде Еуропадағы ең құдіретті империялардың бірі болғандығын көрсету мақсатында оның тарихын тереңінен зерттеу қажеттігі туындады. Екіншіден, бұған дейін империялар арасындағы қатынастар тарихы тура жолға қойылмаған болатын. Үшіншіден, екі мемлекет арасындағы байланыстар тарихы австриялық методологияның негізінде зерттелмеген еді. Тек әр зерттеуші, әр түрлі тақырыпта ғылыми мәселе көтеріп, соның негізінде өз ғылыми еңбектерін жариялап келген болатын.

XX ғ. 70 жылдарынан бастап, екінші мыңжылдықтың басына қарай, Австрияда Осман империясының тарихы және австро-осман қатынастары тарихы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырған ғалымдар негізінен Вена университетінің құрамындағы Тарих институтының ғалымдары болды. Ғылыми-зерттеу институты қазіргі күнге дейін әлем тарихының мәселелерімен айналысып, өзінің ғылыми журналын жариялап келеді. Бұл институттың зерттеушілері 1974 жылдан бастап 2000 жылға дейін Жаңа және Қазіргі замандағы әлем тарихы бойынша «Қазіргі заман тарихына Венаның қосқан үлесі» [6] деген атпен 24 томнан тұратын ғылыми жинақ жариялады. Бұл жинақтың «Осман империясы және Еуропа 1683-1789: Конфликт, әлсіреу және ауыспалы кезең» деген атпен жарияланған оныншы томында [7] Осман империясы мен Еуропа мемлекеттері арасындағы байланыстар тарихы көрсетілген. Ал жинақтың негізгі мақсаты тақырыптың өзі көрсетіп тұрғандай, орта ғасырлардан бергі кезеңде Еуропа мемлекеттеріне үнемі қауіп төндіріп отырған Осман империясының 1683 жылы Венаның екінші рет қоршауға алынуы барысындағы сәтсіздіктерінен кейін оның әлсірей бастауы жайлы және оның келесі кезектегі саяси-экономикалық құдіреті Еуропа мемлекеттерімен ауысқандығы жайлы көрсету болып табылады. Бұл жинақта, осман тарихымен айналысатын әлемге танымал тарихшылар тарапынан көптеген тың ғылыми тұжырымдар ортаға салынады. Алайда, бұл жинақта империя-

ның еуропалық мемлекеттермен қатынастары, оның ішінде әсіресе Австриямен саяси бақталастықтары туралы жасалған ғылыми тұжырымдар еуропалық көзқарастар негізінде жасалған.

XX ғасырдың соңғы ширегінде, аталған кезеңдегі Австрия мен Осман империясы арасындағы сыртқы саяси және дипломатиялық байланыстар тарихына қатысты зерттеу жұмыстарына қоғамдық ғылымдардың өзге де өкілдері де үлкен үлес қосты. Солардың бірі австриялық көрнекті дипломат, заңгер, саясаттанушы Рудольф Агнер болып, ол Австро-Венгрияның Осман империясындағы дипломатиялық тарихына қатысты зерттеулер жүргізген. Р.Агнер 1975 жылы Вена университетін заңгер мамандығы бойынша және 1977 жылы Вена дипломатиялық академиясын бітірген соң, XX ғ. 70-80 жылдары Парижде, Брюссельде, Триполиде, 90-жылдары Каирде дипломат қызметін атқарып, елшілік қызметі барысында осы мемлекеттер мен Австрия арасындағы дипломатиялық қатынастар тарихын зерттеумен айналысты. Ол өзінің тарихшы болмағанына қарамастан дипломатия тарихын зерттеу жұмыстарына белсене кірісіп көптеген ғылыми еңбектер жариялады. Олардың арасында біздің тақырыбымызға қатысты зерттеулер, Каирдегі, Стамбулдағы Австрияның консулдықтары, олардың тарихы мен қызметі жайлы жүргізілген ғылыми жұмыстар болды. Автор, Осман империясының Мысыр провинциясындағы Австрияның консулдығы тарихын тереңінен зерттеп, оның екі империя арасында атқарған қызметін зерделеді. Ғылыми жұмыста, [8] Австрияның Африкадағы саясаты көрсетіліп, оның барысы мен нәтижелеріне қатысты ғылыми тұжырымдар жасалған. Бұл кезеңде, Шығыс мәселесін желеу еткен еуропалық империялармен бірге Австрия да Осман империясының Африкадағы провинцияларын иеленіп, сол арқылы Орталық Африкаға қарай тереңірек енуді жоспарлаған. Дәл осы факторларға қатысты зерттеуші бірқатар ғылыми жаңалықтарды жарыққа шығарған. Сонымен қатар, зерттеуші өзінің ғылыми қызметін Австрияның Инсбрук университетінде жалғастырып, онда Австрияның сыртқы саясатына қатысты көптомдық ғылыми еңбектердің жариялауға өз үлесін қосты. Солардың бір бөлігін өзінің әріптестерімен бірлесе отырып, Австрияның Стамбулдағы елшілігі мен ондағы дипломаттардың

қызметі және екі империя арасындағы сыртқы саяси байланыстарға арнады [9].

Аталған кезеңдегі Осман империясы мен Австрия арасындағы саяси және дипломатиялық қатынастар жайлы зерттеулерге баса назар аударған австриялық тарихшы Бернард Бухманн болды. Зерттеушінің Австрия мен Осман империясының қатынастарына арналған «Австрия және Осман империясының тарихы» атты еңбегі [10] екі империя арасындағы сыртқы саяси қатынастардың барлық кезеңдегі тарихы қарастырылған. Зерттеу жұмысының хронологиялық кезеңі өте ауқымды болып, онда XVIII-XIX ғғ. екі империя арасындағы сыртқы саяси байланыстар мен мәселелер қарастырылған. Австро-Венгрияның Қырым соғысынан кейінгі келісім-шарттарға қатысуы мен оның Ресейге қойған саяси талаптары көрсетіледі. Бірақ, Австро-Венгрия Қырым соғысына толық қатыспастан, алайда оның соғыстың олжасын бөлісуге кіріскендігі туралы нақты фактілер көрсетілмеген. Сонымен қатар, осы кезеңде Осман империясының құрамындағы Оңтүстік-Шығыс Еуропа халықтарының тәуелсіздік алуға ұмтылуы мен оларға Австро-Венгрия империясы тарапынан саяси қолдау көрсетілгеніне қатысты тұжырымдар орын алған.

XX ғасырдың соңғы ширегі мен XXI ғасырдың басында Австрияда Осман империясы мен Австрия арасындағы байланыстарды ғылыми талқылауға арналған халықаралық ғылыми конференциялар де өткізіліп отырды. Мұның барлығы екі империя арасындағы сыртқы саяси байланыстар мен геосаясатқа байланысты орын алған мәселелерін ғылыми түрде талқылау үшін өткізілді. Өйткені, екі империя арасында сыртқы саяси мәселелер өзінің ғылыми шешімін таппаған еді. Сондықтан да бұл жиындарға әлемнің әр түкпірінен тарихшы ғалымдар келіп қатысып отырған. Осындай ғылыми ең көлемді деңгейде жүргізілген конференцияларды атап өтсек, 1983 жылы Венада «Осман-Габсбург қатынастары» деген атпен ірі халықаралық ғылыми-теориялық конференция [11] өткізіліп, онда XVIII-XIX ғғ. Осман империясы мен Австрия арасындағы сыртқы саяси мәселелерге байланысты көптеген тақырыптар талқыға түсті. Бұл конференцияда Д. Куатаерт, А. Дэвисон сияқты ірі османтанушы ғалымдар ең маңызды тақырыптарды көтеріп, көпшілік назарына түсті. Бұл конференцияда аталған кезеңдегі

Осман империясы мен Австрия арасындағы байланыстармен қатар Осман империясы мен Франция арасындағы саяси және экономикалық мәселелерге терең тоқталып өтті. Сонымен қатар, дәл осындай үлкен халықаралық ғылыми жиындардың бірі 2004 жылы Венадағы Австрия тарихын зерттеу институтының 150 жылдық мерейтойына орай өткізіліп, бұл конференцияның [12] басты мақсаты Осман империясы мен Австрия арасындағы тарихи сабақтастық пен сыртқы байланыстарды жаңа бір қырынан көрсету болды. Мұнда да әлемнің түрлі елдерінен осман тарихының мамандары жиналып, түрлі ғылыми концептуалды мәселелер көтерілді және көптеген ғылыми тұжырымдар сарапқа салынды. Конференцияға қатысушылардың басым бөлігі, XIX ғ. Осман империясы мен Австро-Венгрия арасындағы Балқан территориялары үшін орын алған өзара тартыстарды және екі тараптың да Балқан халықтарын өздеріне тәуелді ету факторлары бойынша ғылыми мәселелер көтеріп, бірқатар шешімдер мен тұжырымдар қабылданды.

Қорыта айтқанда, XX ғ. екінші жартысынан бастап XXI ғ. басына дейін Австрияның тарих ғылымында, XVIII-XIX ғ.ғ. Осман империясының Еуропа мемлекеттерімен жүргізілген сыртқы саяси, экономикалық, дипломатиялық байланыстарға қатысты тақырыптар аз болған жоқ. Австриялық тарихшылар аталған мәселелерге байланысты көптеген ғылыми мәселелер көтерді. Олардың басым бөлігі жоғарыда атап өткеніміздей Австрия империясы мен Осман империясы арасындағы сыртқы саяси байланыстарға арналды. Алайда, Австрия мен Осман мемлекеті арасындағы байланыстарға қатысты зерттеу жүргізген ғалымдардың кейбірі Австрия мұрағаттарының деректерімен шектеліп, соның салдарынан субъективизмге бет бұрды және бірқатар факторларға жан-жақты ғылыми талдау жасай алмады. Дегенмен, жоғарыда атап өткеніміздей, өз мемлекеті мен Осман мемлекеті арасындағы сыртқы саяси факторларға келгенде өз ғылыми тұжырымын объективті түрде ұсынған ғалымдар да болды. Атап өтетін негізгі мәселе, XX ғ. екінші жартысында Австрияның тарих ғылымында Шығыстану мен Османтану салаларына батысеуропалық мемлекеттердегі сияқты үкімет тарапынан мемлекеттік және қаржылай қолдау көп болған жоқ. Алайда, австриялық тарихшылар мен шығыстанушылар тарих ғылымы мен Шығыстану және османтану

саласында қалыптасып қалған дәстүрді үзбестен, ғылыми жұмыстарын жай қарқынмен болса да жалғастырып, бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Соның негізінде Австрияның ЖОО мен басқа да білім ордаларында осман тарихы мен түрік тарихын оқытуда отандық ғалымдардың еңбектері тартылды. Соның негізінде, жоғарыда аталған түрлі кемшіліктерге қарамастан, австриялық тарихшылар Осман империясының тарихының аталған мәселелері бойынша еуропалық тарихнамаға аз көлемде болса да өз үлесін қоса білді.

#### Әдебиеттер

1. Joseph von Hammer-Purgstall. Geschichte des Osmanischen Reiches. – Wien: Pest A. Hartleben's Verlag, 1827-1835. – Bd.10
2. Richard Franz Kreutel. Osmanische Geschichtsschreiber in Graz im Verlag Styria. – Styria: 1955. – 155 p
3. Molla und Diplomat : der Bericht des Ebû Sehil Nu'mân Efendi über die österreichisch-osmanische Grenzziehung nach dem Belgrader Frieden 1740/41 / Ebu Sehil Nu'man Efendi Ebû Sehil Nu'mân. Übersetzt, eingeleitet und erklärt von Erich Prokosch. – Graz Verl. Styria, 1972. – 260 s.
4. Benedikt Heinrich. Der Pascha-Graf Alexander von Bonneval. 1675-1747 – Graz, Köln Böhlau, 1959. – 216 s
5. Alexander Novotny. Quellen und studien zur geschichte der Berliner kongresses 1878. – Köln: Hermann Böhlau's Nachf. Verlag, 1957. – 376 s.
6. Wiener Zeitschrift zur Geschichte der Neuzeit. Innsbruck – Wien – München – Bozen. 1974-2000 Band 24.
7. Wiener beitrage zur geschichte der neuzeit. Band 10. Das Osmanische Reich und Europa 1683 bis 1789: Konflikt, Entspannung und Austausch Herausgegeben von Gernot Heiss und Grete Klingenstein. R.Oldenbourg Verlag. München 1983. Band 10. – 254 s.
8. Rudolf Agstner. Österreich (Ungarn) und Alexandrien 1763-1993. Konsularagentie zum Österreichischen Generalkonsulat. – Kairo: Österreichisches Institute Kairo, 1993. – 327 s.
9. Rudolf Agstner, Elmar Samsinger (Hg.) Österreich in Istanbul. K. (u.) K. Präsenz im Osmanischen Reich. With Abstracts in English Varliği Türkçe özetler. – Wien, Berlin 2010. – 386 s.
10. Bertrand Michael Buchmann. Österreich und das Osmanische Reich Eine bilaterale Geschichte. – Wien: WUV-Univ. Verlag, 1999. – 287 s.
11. Habsburgisch-osmanische Beziehungen. Wien, 26.-30. September 1983. . Herausgegeben von Andreas Tietze. – Wien 1985. – 350 s
12. Das Osmanische Reich und die Habsburgermonarchie Akten des internationalen Kongresses zum 150-jährigen Bestehen des Instituts für Österreichische Geschichtsforschung Wien, 22-25 September 2004.

Садықова Р.О.,  
*тарих ғылымдарының кандидаты,  
Әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дың  
тарих, археология және этнология факультеті  
дүниежүзі тарихы, тарихнама және  
деректану кафедрасының қауымдастырылған профессоры*

## **Жапония мен Таяу Шығыс аймағы мемлекеттері арасындағы энергетикалық байланыстар**

XX ғасырдың екінші жартысынан халықаралық экономикалық жүйеде белсенді қатысушыға айналды. Табиғи қорларының болмауына қарамастан, Жапонияның «қырғи-қабақ соғысы» жылдарында «экономикалық ғажайыптың» арқасында жоғарғы жетістіктерге жетуі Жапонияның сыртқы және ішкі саясатының өзіндік ерекшелігін байқатады.

«Қырғи-қабақ соғысы» жылдарындағы Жапонияның сыртқы саясатының негізгі ерекшелігі оқшауланудан бас тартып, ашықтық және көпжақты дипломатия саясатына көшкендігінде еді. Жапонияның мұндай көпжақты дипломатиясы елдің сыртқы саудасын жан-жақты дамытуына мүмкіндік берді. Әсіресе, елдің энергетикалық қажеттіліктерін өтеу жапон экономикасының күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болды. Жапонияның да әлемдік энергетикалық көздердің жағдайы алаңдататындығын XX ғ. 70 жж. энергетикалық дағдарыс-ақ байқатты. 1973 жылдың қыркүйек айында энергия дағдарысының төніп келе жатқандығы және мұнай шикізатымен қамсыздандырудың тұрақсыздығы төңірегіндегі әңгімелер барлық жерде айтыла бастады. 1973 жылдың қыркүйегінде Жапонияда сыртқы сауда қорлары мен энергетика өнеркәсібін басқару министрлігі энергетика бойынша «Ақ кітап» дайындады, онда жеткізу әдістерінің сенімсіздігіне байланысты шұғыл шаралар қолдану қажеттілігіне ерекше көңіл аударылған. Бұл қауіп сол жылдары Жапония экономикасының өсуіне байланысты болды. Жапония мұнайдың көп мөлшерін тікелей немесе жанама жолмен халықаралық компаниялардан алатын, ал үкімет пен іскер